

ЛЕНИНГРАД ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ

XX ғасырдың Гомері Жамбылдың толық шығармалар жинағын шығару мәселесімен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы шұғылдану барысында маған Ленинград, Москва архивтеріне барып қайтуға тура келді.

Бір айға созылған творчестволық сапарымда Жамбылға қатысты тарихи деректерді, шет елдерде шыққан кітаптарының мағлұматтарын, орысша жарияланған ғылыми еңбектер мен кинофотодокументтерді, Жәкең туралы жарияланбаған естеліктер мен әртүрлі қолжазбаларды қарадым. Тиісті орындармен аталған әдеби мұраларды Қазақстанға, Жамбыл музейіне көшірмесін алдырудың шарттарына ақылдасып қайттым.

Қазіргі кезде Жамбылдың Ленинградтағы мұралары екі салада топтасқан: бірінші – Жамбылдың өз өлеңдері, екінші – Жамбыл туралы жазылған мағлұматтар мен ғылыми зерттеулер. Мәселен, Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада Жамбылдың шет елде шыққан өлеңдері мен басқа ұлт республикаларында жарияланған мақалалар, монография, жинақтардың барлығы сонау отызыншы жылдардан бері сақталған.

- Жамбыл біздің кітапхананың алтын қорында ерекше сақталынады, жүріңіз, көрсетейік, - деп кітапхананың бас библиографы жоғары қабаттағы классиктердің сирек мұралары сақталатын бөлмеге апарды. Жамбылдың бір өзіне арналған, ыждағатты жасалған каталогтары бәрі сайрап тұр, газетте шыққан салтанатты кештердің хабарларынан бастап, Жамбылға арналған құттықтау өлеңдер мен аударма кітаптар.

Ленинградтың Воинов көшесінде, № 34 үйінде әдебиет және көркем өнерге арналған мемлекеттік архив бар. Бұл үйде революцияға дейін даңқты адамдардың өте сирек қолжазбаларын сақтайтын архив болған. Осы тұста да сол міндетін атқарады. Аталған архивте Жамбылдың алты өлеңіне байланысты әртүрлі қызықты деректер жинақталған. Соның бірі – Жамбылдың атақты «Ленинградтық өрендерімі».

1941 жылы 4 сентябрьде әуеден қала халықтарын сақтандыру белгісі болады, іле Ленинградтың сыртынан артиллерияның алғашқы даусы естіледі. 6 сентябрьде Ленинградқа бірінші бомба түседі. Дәл сол күні «Ленинградская правда» газетінде Жамбылдың «Ленинградцы, дети мои!» деген жалынды өлеңі жарияланады. Бұл өлеңді радио арқылы тұңғыш рет зор дауысты диктор М. Меланед былай деп бастап оқиды:

Ленинградцы, дети мои!

Ленинградцы, гордость моя!

Өлеңнің күші мен құдіреті адам айтса нанғысыз болған. Батыстан жау төнгенде, Шығыстан Отанның атынан Жәкеңнің жігерлі даусы естілген. Бейне бір Жәкең Алатаудың шыңында тұрып, Нева халқы мен солдаттарына жігер

бергендей, айбынды аманат айтқандай. Ленинградтың тарихында жау алдында тізе бүгу болған жоқ, болмақ емес те, қоршауда қалған мың сан адамдарға Жамбыл керемет рух берген.

Ілезде «Ленинградтық өренім» плакат түрінде таратылған. Оған Жәкеңнің суреті мен өлеңнің текстісі көрнекті әріптермен терілген. Ол плакаттар қаланың орталық алаңдарына, Эрмитаждың қабырғасына, азық-түлік дүкендерінің терезелеріне, кемелердің қанаттарына, әскери бекіністердің қақпаларына ілінеді.

Ленинградты қорғаушы, жауынгер жазушы Всеволод Вишневский: «Плакаттардан Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңін оқығанда, барлығымыз көзімізге жас алдық, жылап тұрып оқыдық, сонда қазақ халқының достығы мен сүйіспеншілігіне шексіз риза болдық», - деп жазған алғыс сөзі «Правда» газетінде басылған. Сол плакатты ленинградтықтар күні бүгін де қасиетті тұмардай сақтап отыр. Ленинград тарихи-мемлекеттік музейінің орталық бөлімі – Петропавлов қамалында ілулі тұр.

Осы сапарда Ленинград қаласында өтетін екі үлкен жиналысқа қатыстым. Бірі - 12 февральда С.М. Киров атындағы сарайда өткен «Біз – Октябрьдің мұрагерлеріміз» деген Бүкілодақтық оқушылар конференциясы, екіншісі - 14 февральда Маяковский атындағы әдебиетшілердің сарайында өткен «Ленинград – Қазақстан» атты достық кеші. Екі жиналыста да маған сөз берілгенде, Қазақстан мен Ленинград халқының арасындағы достық әдеби байланыстың орта ғасырдан басталатын тарихына тоқталып, содан соң Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңінің сипатына, тарихи маңызына тоқталғанымда, залдағы тыңдаушылар Жәкеңнің атын атап, қол шапалақтады.

«Қазақстан – Ленинград» атты достық салтанатты кешті Ленинград Жазушылар одағының председателі Анатолий Чепуров ашып, «Звезда» журналының бас редакторы Георгий Холоповқа сөз берді.

- 1941 жылы 5 сентябрьде «Правда» газетінде Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңі шықты, біз Карелия майданында едік. Оң мен сол қанаттарда кілең Қазақстан жауынгерлері соғысты. Олар Жәкеңнің өлеңін ерекше екпінмен оқыды. Ленинград үшін, Жамбылдың қасиетті өлеңі үшін жан пидә! – деп ұрандады. Мен мұндай ержүрек халықты сол күні бірінші байқадым. Шайқастарда жаудың әкесін танытып майдандасты, - деді жазушы Г. Холопов жолдас. Осы кеште Владимир Торопыгин, Риза Халид, Нора Яворская секілді талантты ақындар Жамбылға, еліне арнаған өлеңдер оқыды. Ол өлеңдерді Жамбылдың музейіне тапсырды.

Бүкілодақтық оқушылар конференциясына қатысқан москвалық қарт ақын Яков Шведов мынадай әңгіме айтты:

1942 жылы, қыста Воронеж қаласының қасындағы қалың орманда фашистермен кескілескен қанды шайқас жүріп жатты. Сол соғыста қазақ жауынгерлері үлкен батылдық көрсетті. Бірақ екі жақтан да шығын аз болды деп айтуға болмайды. Бір тұста жау кейін шегінуге мәжбүр болды, сонда соғыста қаза болған әскерлердің қалтасындағы документтерін жинап жүріп,

жап-жас, өрімдей бір қазақ жігітінің төс қалтасынан ықтияттап, қатты қағазға ораған Жамбыл Жабаевтың суретін алдық.

Суретте ақын керемет сұсты болып көрінеді, маған Шығыстың мифологиясында айтылатын әулие адамдардың бейнесін елестетеді. Сол суретті соғыс біткенше планшетімде сақтадым, майданнан оралған соң, Москвадағы үйімнің төріне әдемілеп қыстырып қойдым. Әлі тұр. Жамбыл тек қазақ халқының ұлы перзенті емес, ол мен секілді орыс жазушыларының да өте ардақты әкесі, - деді.

- Жамбылдың сол уретін, бәлкім, бізге берерсіз, келешекте шығатын толық жинағына қосармыз, содан соң ақынның музейіне тапсырар едік, - дедім мен үзіліс кезінде ақынға. Менің тілегімді қабыл алғанын білдірді, таяу уақытта сол суретті Алматыға хатпен жіберетінін айтып, адрес алды.

Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл десе Ленинград халқының жүрегінде от ойнап, көз алдына қасиетті ақсақал ақынның образы биіктеп көрінеді екен. Тегінде, Ленинград қаласында өзенге шықсаң, Нева сөйлейді, көшеде тұрсаң, ескерткіш сөйлейді, бәрі-бәрі Жамбыл, Жамбыл туралы шежіре-тарих айтады, өлең қып айтады! Мұндай құрметті көргенде, төбе көкке көтеріледі: Жәкең арқылы бір ұлт, бір халық алғыстан аяқ алып жүре алмайды.

Тағы бір дерек: Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленинград қаласында майдан жауынгерлеріне арналған қазақша кітапшалар шығыпты. Соның екі кітабына қысқаша сипаттама бере кетейін. Бірінші кітапшаның сыртқы мұқабасында мынадай жазу бар:

«Неміс окупанттарына өлім!» Ленинград майданы саяси басқармасы. Генерал-майор И. Фомиченко, «Ленинград майданы әскерлерінің 1942-1943 жылдардағы жүргізген қысқы ұрыстарының қорытындысы.

Отан қорғау Халық Комиссарының әскери баспасы. Ленинград-1943».

Кітаптың бірінші беті былай басталады: «Неге немістер Ленинградты басып алуға тырысады?» Содан соң Ленинградтан өлкеміздің барлық жерлеріне маңызды су және темір жолдарының тарайтындығы айтылған. Олар – Ленинград-Маринская, Еділ-Рыбинск-Ярославль, Горький және Каспий, Кавказ; Ленинград-Ақтеңіз-Балтық каналы, Архангельск, Солтүстік теңіз жолдары. Сонымен бірге Ленинград Советтер Одағының ең қуатты үш флотының – Соғыс-Теңіз, Сауда және мұз флоттарының базасы болған. Ленинград СССР-дің Солтүстік және Батыс кіреберісін қорғайтын соғыс және теңіз қамалы атанған. Ленинград – Октябрь революциясының алтын бесігі.

Гитлершілдер Ленинградқа 32 жаяу әскер дивизия, 4 танк, 4 моторлы дивизия, 1 атты әскер бригадасын салды. Бұл армияның адам саны 300 мың. Оған қоса 6 мыңнан аса зеңбірек, 4 мың пулемет, 4500 миномет, 19000 жеңіл қол пулеметі, мыңнан астам самолет және басқа техниксы тағы бар.

Фашистер Ленинградқа төрт жақтан шабуылға шыққан – Кингисепп, Луга, Тосно, Карелия мойнағы. Ленинград үшін қатерлі қауіп төнгенде, Ворошилов, Жданов жолдастар қол қойған үндеу шығады: «Ленинградтың қуатты фабрикалар мен заводтарын құрдық, оның тамаша үйлері мен бау-бақшаларын жасадық, олардың бәрін неміс-фашист қарақшыларына беру үшін жасаған жоқпыз, ешқашан бермейміз!» - делінген. Қызыл Армияның 24

жылдық мерекесіне қарай майдан бөлімшелерінде жаудың 30 мың фашистерін жойып жіберген.

Қазіргі кезде кейде буржуазия идеологтары Ленинград халқының қоршау кезіндегі қаһармандық, батылдық, ерліктеріне үстірт карауға тырысады. Мысалы, Л. Гурье «Осада Ленинграда» деген кітабында «Ленинград төрт тұсынан да қоршауда қалды, жергілікті халық басқа айласы қалмаған соң, амалсыз қорғанды, шығатын, сыртпен қатынасатын жолдар болған жоқ, соның салдарынан аштық өріс алды-мыс» деп түсіндіргісі келеді. Бұл - тарихи шындықты бұрмалау, шындықты жасыру. Мысалы, біздің қолымыздағы Ленинградтың сол кездегі өмірінен алынған қазақша шыққан кітапшаның өзінде мынадай мәліметтер келтірілген: «Фашистер қаламызды аштықтан құрта алмады. Ленинград большевиктерінің жолбасшысы А.А. Ждановтың инициативасы бойынша Ладога көлі арқылы мұз жолы салынды. Сол жолмен Ленинград және майдан үшін астық үздіксіз жүріп тұрды. Мұз жолы жұмыс істеп тұрған уақытта Ленинградқа барлығы 354,1 мың тонна ұн, бидай және кара бидай ұны келтірілді. Алып келінген әртүрлі қару-жарақтарды 76 мм снарядқа аударғанда, күніне 19 мың снаряд келтіріліп тұрған», - дейді генерал-аайор Фомиченко кітапшасының 12-бетінде.

Демек, Л. Гурье Ленинград 900 күн сыртпен қатынассыз жалғыз қалды десе, қазақша шыққан деректердің бірі: «Бұдан 35 жыл бұрын Ленинград Совет Одағынан оқшау қалған жоқ, басқа республикалардың жәрдемі мен көмегін үздіксіз көріп отырды», - дейді.

Осыған бір мысал, 1944 жылы капитан Ф. Файзуллиннің авторлығымен «Қазақстан помогаев фронту» деген кітапша орыс тілінде жарияланған. Басқасын былай қойғанда, осы кітаптан бір мысал келтрейін: Ленинград қоршауда тұрғанда (блокада) Қазақстаннан бір топ делегаттар келді, өздерімен мол сыйлық әкелді. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан Ленинградқа 300 вагон сыйлық жіберді», - дейді. Сонымен бірге аталған кітапшада Ленинград майданында Дабылов, Назаров, Шыныбеков, Нұрмағамбетов, Намазбаев, Баймағамбетов, Темірбеков секілді қазақ халқының ер-азаматтары зор ерліктер көрсеткені айрықша атап айтылған.

1943 жылы 6 февральда қазақ жауынгерлері «Правда» газетінде хат жариялаған: «Соғыс күндері, неміс фашистері Ленин қаласына шабуылға шыққанда, Ленинградты тұншықтырмақ болғанда, біздің сүйікті ақынымыз Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген үндеу өлеңі Ленинград көшелерінде керемет үнмен, қаһарлы естілді», - деп жазған. Бұл деректі де Ф.Файзуллин өз кітабында құрметпен келтірген.

Жәкеңнің тарих алдындағы биік парасатын мәңгіге есте қалдыру үшін Ленинградта М. Горький театрының алдындағы көшені Жамбыл атымен атаған, ескерткіш тақталар қойылған. Ендігі кезекте Жамбылға үлкен ескерткіш орнатпақ, бір проспект ұлы ақын атымен аталмақ, соған ұйымдастыру шаралары қазір жүріп жатқаны көңілге үлкен мақтаныш ұялатады.

Мына басылым бойынша дайындалып берілді: Садырбаев С. Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар / Сұлтанғали Садырбаев [Құрастырған Рәтбек Терлікбаев. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015. - 201-205-беттер.